

## Аягөз қаласындағы Вернадский көшесінің атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 қазандағы № 191 қаулысы, Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2010 жылғы 28 қазандағы N 01-02/28-11 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Аягөз аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 15 қарашада N 5-6-122 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 2 тармағын, 6 бабының 1 тармағының 4) тармақшасын, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 12 бабының 5-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Аягөз ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласының Вернадский көшесінің атауы Оразхан Құлсейтов атындағы көшесі болып өзгертілсін.

2. Осы шешім және қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы <i>Н. Дюсенбаев</i>	Аудан әкімі <i>Ә. Мұхтарханов</i>
Мәслихат хатшысы <i>М. Темеков</i>	